

№4

шілде
июль

2020 (23)

ZIAT



Әлібаева Ақмарал Исағалиқызы
Қолөнер сыныбының мұғалімі

Жуалы ауданы әкімдігінің білім бөлімінің
«№1 Балалар өнер мектебі» КММ



Редактор бағаны

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050»: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында: «Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы» деп, халқымызды алда күтіп тұрған асқар асуларды, төтенше маңызды мақсат-міндеттерді атап көрсетіп берген еді. Осы Жолдауда Қазақстан Республикасындағы білім беру мәселесін айрықша атап көрсетіп (Қазақстан жолы – 2050. 4 бағыт. БІЛІМ ЖӘНЕ КӘСІБИ МАШЫҚ - ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ, КАДР ДАЯРЛАУ МЕН ҚАЙТА ДАЯРЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒДАРЫ/Біздің жұмыстарымыздың білім беру саласындағы басымдықтары), бұл салаға жаңашылдық енгізіп, түрліше реформалауды баса айтып көрсеткен.

Кез-келген мемлекеттің болашағы оның білім және ғылым деңгейінің қаншалықты дамуына тікелей байланысты. «Ел болам десең - бесігіңді түзе» деп ұлы Мұхаң айтқандай, осы күні өсіп-жетіліп келе жатқан жас жеткіншектерге, оқушылар мен студенттерге білім берудің соңы тәсілдерін қолданып, олардың қоғамда толық азамат болып қалыптасуына ықпал ете білу керектігі күн тәртібінен түспеген мәселе.

Осы орайда «ZIAT» ғылыми-әдістемелік орталығы» ЖШС 2016 жылдың мамыр айынан бастап шығаратын «ZIAT» ғылыми-әдістемелік журналы білім беру және ғылым кеңістігіндегі инновациялық жаңалықтарды және педагогтар, студенттер, оқушылар мен мектепке дейінгі жастағы бүлдіршіндердің ғылыми-танымдық еңбектерін жариялап отырмақ. Журналдың негізгі міндеті: оқушылар, студенттер және ұстаздардың түрлі тақырып бойынша жазған еңбектерін көпшілік назарына ұсыну, мұғалімдерге білікті педагог ретінде қалыптасуға жәрдемдесу, ғылымдағы әр деңгейдің арасында қарым-қатынасты нығайтуға әрекет ету. Журнал мектепке дейінгі мекемелерден бастап жоғары оқу орындарына дейінгі аралықтағы мәселелерді қамтиды.

Құрылтайшы/Учредитель

"ZIAT" Ғылыми-әдістемелік орталығы
Научно-методический центр "ZIAT"

"ZIAT" журналы 2016 жылы 25 мамырда
Қазақстан Республикасы Мәдениет және
Ақпарат министрлігінде тіркеліп,
№16000-Ж куәлігі берілген.

Журнал "ZIAT"

зарегистрирован 25 мая 2016г
в министерстве Культуры и информации
Республики Казахстан и выдано
свидетельство №16000-Ж.
ISSN: 2617-1937

Журнал Қазақстан Республикасының
мерзімді баспасөз тізіміне енгізілген.

МББ индексі 74926.

Журнал включен в список
периодических изданий
Республики Казахстан.

Индекс ППИ 74926.

Шығу жиілігі: Жылына 6 рет шығады
Мақалалар қазақ, орыс, ағылшын
тілдерінде басылады.

Периодичность:

Выходит 6 раз в год,

материалы публикуются на
казахском, русском, английском языках.

Адрес редакции:

010000

г.Нур-Султан,
ул. Иманова 50

Е-mail:

ziat.journal@mail.ru

Сайт:

www.centeroir.kz

Журналды редакциядан
сатып алуға болады.
Жазыламын деушілер
жоғарыдағы мекен-жайға
хабарласа алады.

Таралымы/Тираж
1000

Редактор/ редактор:

Сергазина А.К.

Редактор орынбасары/Зам.редактора

Идрисов Б.Ш.

Беттеуші-дизайнер/Дизайн, верстка

Кимашева Г.Е.

Редакциялық алқа/Редакционный совет:

Жұманова Б.Қ. – "ZIAT" ҒӨО-ғы" ЖШС директоры

Урынбасарова Э.А. – п.ғ.д., профессор

Орынбаев А. А. – п.ғ.к.,

ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері,

ҚазҰЖҒА корреспондент-мүшесі

Төрекұлова Д. М. – э.ғ.д., профессор,

ҚазҚЭжХСУ "Менеджмент" кафедрасының меңгерушісі

Төрекұлова Ә. Н. – PhD докторы,

"ZIAT" ҒӨО-ғы" ЖШС ғылыми қызметкері

Ұмбетпаева С. К. – жоғары категориялы ұстаз,
РФ-ның еңбек сіңірген қызметкері, Ресей құрметті ұстазы

Баймағамбет О.А. – педагог-әдіскер

Жуманова Б.К. – директор ТОО "НМЦ "ZIAT"

Урунбасарова Э.А – д.п.н., профессор

Орынбаев А. А. – к.п.н.,

Почетный работник образования РК,

член-корреспондент КазНАЕН РК

Турекулова Д.М – д.э.н., профессор,
зав. кафедрой "Менеджмент" КазУЭФимТ

Турекулова А.Н - доктор PhD,

научный сотрудник ТОО "НМЦ "ZIAT"

Ұмбетпаева С.К – учитель высшей категории,
Заслуженный работник РФ, Почетный учитель России

Баймағамбет О.А – педагог - методист

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Педагогикалық тәжірибе/Педагогический опыт

Батырова З.С. Балалармен достасып тату өмір сүреміз.....	4
Досанова С.Ш. Мои достижения».....	6
Әлібаева А.И. Құрақ түрлерімен таныстыру.....	10
Жангазінова А.Т. Аяулы алтын күз.....	14
Жұмағали А.Ә. Жеміс - жидектер.....	17
Карабекова Ж.С. Оксидтер. №6 зертханалық тәжірибе «Оксидтердің қасиеттерін зерттеу»...	19
Мендигалиева А.А. Валентина Осеева «Волшебное слово» Вежливость или грубость.....	23
Почтарёва Т.В. Организации итогового повторения курса «Алгебра и начала анализа» в условиях дистанционного обучения.....	26
Хасанова А.К. Когда на улице снег.....	29
Шакерова Г.Ш. Көкөністер.....	33

Ғылыми ізденістер/Научное обозрение

Аяғанова А. А. Дені саудың – жаны сау.....	35
Рамазанова М.Ш. Шертпе күй шеберлері.....	37
Рахимбаева А.Ж. Мамандығым мақтанышым.....	40
Темирбулатова А.А. Основные проблемы обучения профессиональному казахскому языку в колледже и пути их решения.....	41
Хальзова И.Н. Особенности экологического воспитания детей дошкольного возраста.....	43

Шығармашылық мүйісі/Уголок творчества

Материалы творческих конкурсов.....	46
-------------------------------------	----

«Балалармен достасып тату өмір сүреміз»

(музыкалық-коммуникативтік ойындар)

Батырова Зауреш Сериковна, ән-күй жетекшісі

«Атбасар ауданының білім бөлімі жанындағы

№5 «Алтын бесік» бөбекжай бақшасы» МКҚК,

Ақмола облысы, Атбасар қаласы

Ұсынылған құралды балалармен үлкендер де еркін қолдана беруге арналған ойынды, әуенді рухани қарым-қатынасты тығыз байланысуға жетелейтін әдістемелік құрал. Құралдың мақсаты - балалардың жеке тұлға ретінде еркін даму кезеңдерінде, яғни балабақшада үйрену сәттерінде үлкендермен оңай қарым-қатынаста болуға зор ықпалын тигізіп баланың жеке тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді.

Құралдың мақсаты - музыка жетекшілерімен тәрбиешілерге, педагогтар мен ата-аналарға балалардың балабақшада қалыптасатын сәттерде өздерін еркін дамытып, үлкендермен еркін қарым-қатынас жасай алатындарына жол ашатын құрал.

Құралда ұсынылған ойындар, әндер мен билер балалардың күнделікті өмірінде ғана емес, сондай-ақ мерекелерде, достарымен көңілді кеш өткізгенде, мектептегі үзіліс сәттерде де қолдана беруге арналған тиімді құрал.

Негізгі мақсаты:

Әуен арқылы ырғақ пен сазды бірге ұстана білуге және әуеннің ритміне сай ырғақ қозғалыстарын жасап, оны ауыстыра білуге қабілеттерін дамытуға және өз дене қабілеттерінің мүмкіндігінің жаңа қырынан дамыта білуге жетелейді.

Қиғаш мақсаты:

Ритмикалық сезімталдықты дамытып, балалардың ән айту қабілеттерін ырғаққа ілестіру мүмкіндігі арқылы, ритмиканы терең сезіне алу қабілеттерін жетілдіріп, ән айту қабілеттерін дамыта отырып, ырғақ-қозғалысты біріктіре қолдануға жол ашады, әрі әуен арқылы ырғақ қозғалыстарын ауыстырып, есте сақтау қабілеттерін дамытады.

Музыкалық материалмен жұмыс жасау.

Дайындық тапсырмаларын тек сұрақ-жауап арқылы емес, сонымен қатар оған ритмиканы сезіндіру арқылы би қозғалыстарын қосуға болады. Мәселен, дайындаған жаттығуларын орындау барысында балалармен диалог құру арқылы орындалатын әннің мәтіні бойынша қозғалыстарға ілестіре отырып, балаларды бидің барлық ырғағында шапалақ соқтырып аяқпен таптатып, бастарымен шайқатып, қолдарын төмен және жоғары түсіртіп, ырғаққа ілестіріп оқыту қажет.

Кейін жалпы шеңбердегі ырғақты орындап болған соң, назарды әннің мәтініне аударып әнге бірге ілестіріп отыру өте маңызды.

«Алақанымызды соғамыз»

Алақанды соғамыз. (2 рет)

Басымызды қозғаймыз, (2 рет)

Иықтарды қозғалтамыз, (2 рет)

Басымызды қозғаймыз. (2 рет)

Құлағымызды жабамыз.

Құлағымызды ашамыз.

Басымызды қозғаймыз. (2 рет)

Аяқпен топылдаймыз. (2 рет)

Басымызды қозғаймыз. (2 рет)

«Біз қалада туғанбыз»

Біз қалада туғанбыз

Керемет боп өскенбіз.

Аяғымыз балдақтай,

Бетіміз томпақтай

Қайырмасы:

Қолымыз тоқаштай,

Бетіміз алмадай.

Көзіміз жарқырап.

Ерініміз раушандай

Біз баламыз-баламыңбыз.



Қолымызды көтереміз,
Қолымызды түсіреміз,
Басымызды қозғаймыз. (2 рет)
Қолымызды созамыз,
Би - билейміз шаттана.

«Үш қадам»

1 Бір қадам, екі қадам,
Үш қадам- оңға.
Бір қадам, екі қадам,
Үш қадам- солға.
Жүреміз біз алға,
Жүреміз біз артқа
Айналамыз, айналамыз, қайталаймыз!
2.Секіреміз, секіреміз,
Секіреміз- оңға!
Секіреміз, секіреміз,
Секіреміз- солға
Секіреміз біз- алға,
Секіреміз біз- артқа.
Айналамыз, айналамыз, қайталаймыз!

«Саусақтармен, тук»

Саусақпенен саусақпенен тук, тук, тук,
Шапалақтаймыз бірге біз хлоп, хлоп, хлоп.
Шынтақтаймыз шынтақпен трам, трам, трам.
Топылдаймыз аяқпен бам, бам, бам.
Қолды басқа біз қоямыз,
Бірге қолды біз былғаймыз!
Қайырлы тан! (3 рет)
Сенде бірге айт.

«Би билеуге шақырам»

Келе жатып, келе жатып,
Ән саламын күлімдеп,
Мейірімді досымды,
Би билеуге шақырам.
Қайырмасы:
Біз келеміз, біз келеміз,
Бірге шырқап әнімізді.
Мейірімді досымызды,
Би билеуге шақырамыз.
Біз келеміз, біз келеміз,
Біздің сыйлы досымды
Би билеуге шақырамын,
Мейірімді досымызды.

«Он қолмен»

Оң қолымды былғайын!
Осылай, осылай!

Анамен біз билейміз,
Жер басамыз томпылдап.
Анамызбен шаттанып,
Бүгін бірге қуанып,
Анамыздың алақаны
Қуантады әлемді.

«Қайталау жаттығуы»

Жаттығуды қайтала
Бізбен бірге.
Пайдасы болсын десен,
Бізбен бірге қайтала!
Міне біздің алақан!
Міне біздің бетіміз!
Мұрыныңды сыйпай біл!
Мынау біздің-мойынымыз!
Мынау біздің ішіміз!
Жаттығуды қайтала
Бізбен бірге.
Пайдасы болсын десен,
Бізбен бірге қайтала!
Міне біздің алақан!
Міне біздің бетіміз!
Мұрыныңды сыйпай біл!
Мынау біздің-мойынымыз!
Мынау біздің ішіміз!
Қол ұстайық бірге біз!
Жаттығуды қайтала.
Бізбен бірге.
Пайдасы болсын десен,
Бізбен бірге қайтала!
Міне біздің алақан!
Міне біздің бетіміз!
Мұрыныңды сыйпай біл!
Мынау біздің-мойынымыз!
Мынау біздің ішіміз!
Қол ұстайық бірге біз!
Жоғарыға секіріп, шаттанайық!
Жаттығуды қайтала.
Бізбен бірге.
Пайдасы болсын десен,
Бізбен бірге қайтала!
Міне біздің алақан!
Міне біздің бетіміз!
Мұрыныңды сыйпай біл!
Мынау біздің-мойынымыз!
Мынау біздің ішіміз!
Қол ұстайық бірге біз!
Жоғарыға секіріп, шаттанайық!



Сол қолымды былғайын!

Осылай, осылай!

Қайырмасы:

Көзімізді жұмып-ашып!

Осылай, осылай!

Анамен шаттанайық!

Осылай, осылай!

Оң аяқпен сілтейміз!

Осылай, осылай!

Сол аяқпен сілтейміз!

Осылай, осылай!

«Менің керемет кебісім»

Билеуге бірге тұрамыз,

Билеген қандай көңілді.

Кебісіміз әдемі,

Билеуге көтерер бізге көңілді.

Қайырмасы:

Кебісім, кебісім,

Менің керемет кебісім.

Кебісті өкшеге қоямыз.

Менің сәнді кебісім.

Келесі аяқпен бірге

Достым бірге билейік.

«Иық -мандай»

Иық-мандай, бір, екі, үш шапалақ. (2р)

Иық-мандай (3р)

Бір, екі, үш шапалақ.

Қайырмасы:

Жалғыз өзім серуендеп жүрем,

Досыма мейіріммен қарайын.

Бәрін қайта бастаймыз.

2.Мұрынмен-бетіміз, бір, екі, үш шапалақ.

(2р)

Мұрын-бетім, бір, екі, үш шапалақ.

3.Құлақ пен қас бір, екі, үш шапалақ. (2р)

Құлақ пен қас (3р) бір, екі, үш шапалақ.

«Би билеуге шақырам»

Келе жатып, келе жатып,

Ән саламын күлімдеп,

Мейірімді досымды,

Би билеуге шақырам.

Қайырмасы:

2. Біз келеміз, біз келеміз,

Бірге шырқап әнімізді.

Мейірімді досымызды,

Би билеуге шақырамыз.

3. Біз келеміз, біз келеміз,

Біздің сыйлы досымды.

Би билеуге шақырамын

Мейірімді досымызды.

«Мои достижения»

Досанова Сауле Шаймухаметовна

Учитель русского языка и литературы

ГУ«Средняя общеобразовательная школа №35» г.Павлодара

УРОК 42.	Школа: ГУ «СОШ № 35» г.Павлодара	
Мои достижения		
Дата: 18.02.2020	Ф.И.О. преподавателя: Досанова Сауле Шаймухаметовна	
КЛАСС: 3 «Ә»	Количество присутствующих:	Количество отсутствующих:
Цели обучения, которым посвящен урок	3.2.4.1 пересказывать истории/рассказы, используя план/свои заметки 3.3.5.1 находить и извлекать информацию в словарях и справочниках самостоятельно 3.4.1.1 писать связные предложения по данной теме и создавать постер 3.5.1.2 использовать сложные предложения с союзами и, а, но и т.д. по предложенным моделям	
Учебные цели	Умеют определять причинно-следственную связь в прослушанном тексте, пересказывать текст. Знают структуру простого и сложного предложения. Применяют в	



	письменной и устной речи предложения разной структуры	
Предполагаемый результат	Все учащиеся смогут: Определять причинно-следственную связь в прослушанном тексте , пересказывать текст. Применять в письменной и устной речи простые и сложные предложения.	
	Большинство учащихся смогут: обыгрывать ситуацию с помощью мимики и жестов; заменять сложное предложение простыми, простые – сложным.	
	Некоторые учащиеся смогут: использовать дополнительную информацию из словаря или Интернета для выполнения заданий	
Языковая цель	Основные термины и словосочетания: Изученные слова данного раздела Используемый язык для диалога / письма на уроке: • Распредели правильно слова – предметы • Опиши • Сочини • Назови вид искусства	
Материал прошедших уроков	Учащиеся могут иметь определенную базу знаний по теме «Сложное предложение» на русском языке.	
План		
Планируемое время	Запланированная деятельность	Ресурсы
Начало урока 10 мин.	1. Организационный момент. Приветствие учащихся на двух языках. Сообщение темы и цели урока. 2. Актуализация знаний. (Г) Актуализация знаний. (Ф) Учитель предлагает дать название кластеру: ? театр музыка живопись слово (Деятельность учащихся) Учащиеся размышляют, делают вывод, что это искусство, вместо вопроса вставляют название кластера. Что знаем? Что умеем?	<u>Ассоциации к слову «искусство»</u> sociation.org/word/достижени <u>e/</u>
Середина урока 30 мин.	3. Изучение нового материала. (К, Ф) Учитель делит класс на 3 группы (по уровню усвоения программного материала) В каждой группе находится спикер , который будет оценивать свою группу на протяжении всего урока. а в	



	конце урока даст оценку работы. (Деятельность детей) Делятся на группы, выполняют задания. (Г) 1. задание На Ваших партах лежат листки. Вы должны составить кластер к этим словам. 1 группа: Театр 2 группа: Музыка 3 группа: Живопись 2 задание: 1.Рассмотрите картину В.Васнецова. 2. Ответьте на вопросы. Опиши Аленушку. - Рассмотри картину Виктора Михайловича Васнецова «Аленушка». - Какую русскую народную сказку она напоминает? - Где находится Аленушка? - Какое настроение у Аленушки? Запиши в тетрадь эти прилагательные. - Подберите слова-действия (глаголы) к описанию позы Аленушки. - Какими словами можно охарактеризовать горе Аленушки? - Опиши природу, которая окружает Аленушку. Запиши эти слова и словосочетания в тетрадь. - Какие краски художник использовал, чтобы создать печальное настроение?	Учебник, задание 1. yandex.kz/images»виды искусства yandex.kz/images»картина васнецова аленушка Учебник, задание 2. Краткое описание картины Аленушка art-portrets.ru»Краткое описание Учебник, задание 3. yandex.kz/images»текст – описание картины васнецова аленушка Правила письма http://www.klassnye-chasy.ru/prezentacii-prezentaciya/russkiy-yazyk-po-russkomu-yazyku/v-1-klasse/pravila-pisma video.yandex.kz»музыкальные физминутки
	3. Сочини. План 1. Кого художник изобразил на картине? 2. Какие цвета использовал художник при написании картины? 3. Опиши Аленушку, ее внешний вид, настроение. 4. Какие у тебя впечатления от картины? Используя план, составь текст и расскажи (Деятельность учащихся) Отвечают	Учебник, задание 4. yandex.kz/images»устаревшие слова в сказках



	на вопросы, составляют связный текст, записывают текст в тетрадь. 4. Преобразуй Выбери слова, которые больше всего подходят к сказке. Запиши их и укажи часть речи. (Деятельность учащихся) Читают текст и записывают подходящие слова. <i>Ответ:</i> Задумал, меньшого, утомился, скинул, закусывает, водицы, травушке. 5. Поразмышляй. На Ваших партах лежат кроссворды, которые Вы должны отгадать. НАЗОВИ ПЕРСОНАЖ СКАЗКИ  6. (Деятельность учащихся) Ученики в группе отгадывают кроссворд. 7. Допиши слово. Учитель предлагает прочитать стихотворение, вставить пропущенное слово, объяснить его смысл. Записать стихотворение в тетрадь. (Деятельность учащихся) Ученики читают стихотворение, вставляют слово <i>художник</i>, записывают в тетрадь.	Учебник, задание 5. yandex.kz/images предметные картинки yandex.kz/images впечатления и театре Учебник, задание 6. yandex.kz/images значение слова спектакль Учебник, задание 7, стр. 31
	А сейчас обратите внимание на доску. И попробуйте отгадать загадку.(устно) 6 задание Учитель загадывает загадку. Задаёт вопросы. Что нужно художнику для рисования? Выпиши все слова-предметы (существительные). Придумай со словом художник сложное предложение с союзом «а». (Деятельность учащихся) Ученики слушают или читают загадку, отгадывают ее. 7 задание. Мы знаем, что сложное предложение	Учебник, задание 8. yandex.kz/images что нужно художнику для рисования



	состоит из 2 и более простых предложений. Сейчас я хочу, чтобы Вы по схеме составили свои сложные предложения. А [], И [] НО	
Конец урока 5 мин.	5. Итог урока. (К, Ф) Вспомните, чему вы научились на этом уроке, что было для вас сложным, легким в исполнении. Рефлексия «Волшебная палочка». – Если я найду волшебную палочку, я попрошу ее помочь...(кому?).	

«Құрақ түрлерімен таныстыру»



Әлібаева Ақмарал Исағалиқызы

Қолөнер сыныбының мұғалімі

Жуалы ауданы әкімдігінің білім бөлімінің

«№1 Балалар өнер мектебі» КММ

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Құрақтың шығу тарихын, құрақ құрау технологиясын меңгеру. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы құрақ құрау өнерін сабақта қолдану, құрақ көздерін біріктірудің әдіс - тәсілдерін, жасауға және жоспарлауға үйрету. Алған білімдерін практикамен ұштастыру.

Дамытушылық: теориялық білімдерін іс жүзінде шығармашылықпен дамыту, оқушының шеберлігі мен ой-өрісін дамытуға тәрбиелеу, матаны таңдау, геометриялық фигуралардан әртүрлі эскиз жасау дағдыларын нығайту;

Тәрбиелік: қазақ халқының өнерін бағалай білуге, әсемдікке, ұқыптылыққа, төзімділікке баулу. Құрақ құрай білу арқылы қабілеттілік, шеберлікке, икемділік, іскерлік, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.

Сабақтың құрал-жабдықтары: құрақ түрлері, қайшы, сызғыш, қарындаш, өшіргіш, түрлі түсті қағаз, бор, мата түрлері.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу.

Жаңа сабақ

«Пазл» әдісі.

Мақсаты: топқа бөлу.

Қызыл және көк түсті қағаз қиындыларын ортадан таңдап алу, 2 топқа бөлінеді.

Топтарға ат қою:


Көктемнің ең алғаш гүлі? Бәйшешек

Көктемнің ең әсем гүлі? Қызғалдақ



Әр қағаз қиындылардың артында қауіпсіздік ережелерге байланысты сұрақтар берілген. Сұрақтарға жауап бере отырып «пазлды» құрастырады. **ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ:**

1. Қол инесімен жұмыс жасағандағы қауіпсіз ережелері
2. Иненен жұмыс кезінде оймақ не үшін тағады.
3. Қайшымен жұмыс жасағандағы қауіпсіз ережелері
4. Үтікпен жұмыс жасағандағы қауіпсіз ережелері
5. Құрал саймандарды қайда сақтаған жөн
6. Жұмыс аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік талаптары
7. Электр қуатымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы
8. Үй ішіндегі қауіпсіздік ережелері



Құрастырылған пазлда құрақтың геометриялық түріне жатады.

Құрақ дегеніміз не?

Құрақтың екі мағынасы бар:

1. көлдің жағасында өсетін өсімдік,
2. мата қиындыларынан бұйым жасау.

Ертеден келе жатқан өнер, апаларымыз тігетін құрақ құраудың да өзінідік тарихы бар.

Абай атамыз айтқан бес дұшпанның бірі – ысырап болса, өнердің бұл саласы да ысырапшылдыққа жол бермейді.

Ысырапқорлық қазақтарға жат қылық. Ежелден ата-бабаларымыз үнемшіл болып қолдағы темір, сүйек, ағаш, тері тәрізді заттардың да кесінділерін қажетіне ұқсатып, аяқ асты тастамаған. Ал қолдағыны осылай ұқсатуда қиыстырып құрақ құраушылардан асқан шебер жоқ. Құрақ құрау қыз-келіншектерді ысырапқорлықтан тыйып үнемділікке үйретеді.

Көне дәуірде құрақ бұйымдарға киелі қасиеттер тән саналған. Мәселен, қазақтардың наным бойынша, заттарды дайындауға матаның ұсақ қиықтары неғұрлым көбірек пайдаланылған сайын, олардың иелеріне соғұрлым бала, мал, мүлік көп болады деген сенім болған.

Сондықтан да құрақтарды сый ретінде жиі тартатын. Жаман рухтан қорғау үшін – жаңа туған сәбиге көйлекті қырық құрақтан тігетін, ал ересек балаларға қырық құрақтан шапандар мен тақиялар дайындайтын. Төсек жабдықтарын, бесік жапқышты құрақтан жасайтын.

Қыз ұзату, келін түсіру тойларында құдағилар бір-біріне құрақтан әдемі ою-өрнек салынған әсем қоржындармен сый-сыяпат апаратын болған. Әр уйде құрақтан жасалған бұйымдардың болуы – отбасының ұлт жандығын ғана танытып қоймайды. Бұл қазақ қолөнерінің ежелгі түрінің қайтадан жаңғырып, қазіргі заман талабына сай жарасым тауып отырғанын көрсетеді. Құрақтан жасалған бұйымдардың көбеюі шетелдіктерге біздің еліміздің қолөнерінің қаншалықты дамығанын паш етіп, қазақты әлем халықтарына кеңінен танытуға жарқын жол ашты. Құрақ құрау қыз-келіншектеріміздің жанында ұлтжандылық қасиеттерді орнықтырып, оларды ұлттық қолөнерімізді сүйуге, оны дамытуға үлес қосуға тәрбиелейді.




3.Құрақ құрау үшін алдымен қажетті материалдар таңдап алынып,олар түрі,түсі,матасына қарай сұрыпталады.

Құрақ құрау екі мақсатты көздейді:

1- матаның қиындыларын іске ұқсату(кәдеге жарату)

2- үлкен сәнділікке баулу, матадан әр түрлі фигуралар жасай отырып, қиюластырып жастық, көрпешелер тігу.

Құрақ түрлері:



Құрақтың түрлері мыналар: ботагөз, жұлдыз, тұмарша, құдықша, қайшы сынық мүйіз, қайшы, аққу құрағы т.б. Осы құрақ түрлері өзінің ерекшелігімен,қиюласу өрнегіне қарай мынадай топтарға бөлінеді.

- 1.Өсімдік тектес – көкөрістік.
- 2.Ғарыштық – космогониялық
- 3.Жануарларға байланысты – зооморфтық
- 4.Геометриялық.

Құрақты қалай,қай жерде қолданыуға болады?

1. Жапырақ, сегіз жапырақ құрақтар-қонақ бөлмелерде қолданылады.
2. Гүл жапырақтар салынған құрақ-жас жұбайларға дайындалады.
3. Ши құрақтар көбіне төсекте қолданылады. Қыз жасауларында қолданады.
4. Аққу жас жұбайлардың шымылдырығында қыздың төсек жапқышында және шымылдырықтың тұсына ілінетін түс киіз өңірінде қолданылады.

Құрақ басқа мемлекеттерде де қолданыла ма?

Орта Азия халықтары арасында,мәселен,қазақтар мен қырғыздарда ол –«құрақ», Ресейде -« лоскутное шитье», ал Америкада – «пэчворк» және «квилт» деп жапон халқында құрақ өнері сашико деп аталады.

Құрақтар қалай орналасады?

Құрақтардың көрпеді орналасу ерекшелігін айта кетсек, мысалы: қарсы құрақ, жұлдыз құрақ, шатыр құрақ және ботагөз құрақ көрпешенің ортасында орналасады. Ортадағы құрақ пен шетіндегі құрақтың арасында «су» жүргізеді. «Су» дегеніміз бір түсті матадан жіңішке кесінді. Екі түрлі матадан жүргізсе «қос су» деп аталады. Құрақтың шетіне шеттік жүргізеді.

Құрақ технологиясы:

1. Өрнек сызбасын қағаз бетіне түсіру.
2. Түс таңдап бояу.
3. Геометриялық пішінде үлгі қағаз дайындау.
4. Матаны үлгі қағаз мөлшерімен қию.
5. Төртбұрыш, үшбұрыштарды қиғанда тігіске кететін өлшемді дұрыс есептеу.
6. Өрнек бойынша бөлшектерді рет-ретімен тігу.

Сарамандық жұмыс.

«Талаппен бастап, талғаммен аяқта!»

1. Әр оқушы өз қалауымызша құрақ үлгісін жасаймыз.
2. Үлгіні түрлі-түсті қағазға түсіріп қиямыз.
3. Түрлі – түсті қағаздан дайын болған құрағымызды картонға жапсырамыз.


Сергіту сәті.

Плакатта жаңа тақырыпқа байланысты сөзжұмбақ беріледі.

1. Жас жұбайлардың шымылдырығында қолданылатын құрақ түрі қандай ?(Аққу)




2. Жапон халқында құрақ құрау қалай аталады ? (Сашико)
3. Аспан денесіне байланысты аталатын құрақ түрін ата ? (Жұлдызша)
4. Өсімдік тектес құрақты тағы басқаша қалай атайды? (көкөрістік)
5. Жапырақ, сегіз жапырақ құрақтар-қандай бөлмелерде қолданылады? (конак)
6. Құрақты « лоскутное шитье» деп қай елде атайды? (Ресей)
7. Еуропа халқында құрақ құрау қалай аталады ? (Пэчворк)



Үйге тапсырма: Құрақ түрлерімен танысу.

Сабақ нәтижесі:

Фото есеп



Жұлдыз құрағы

Ши құрақ





«Аяулы алтын күз»

Жангазинова Анар Турсыновна, тәрбиеші

«Қапшағай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің

«Ақдидар» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Мақсаты: Балаларды күз мерекесіне тән белгілерді тауып, табиғатты қорғауға, жемістер мен көкөністерді ажырата білуге, оның сұлулығын тамашалауға тәрбиелеу. Берекелі күз туралы мағлұмат беріп, тақпақтары мен ән билер арқылы мерекелік көңіл күй сыйлау.

Музыка залына пойыз болып тәрбиеші мен балалар кіреді. Олар әр жыл мезгілінен құралған аялдамаға тоқтайды.

Күз ханшайымы: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Күзгі бақ аялдмасына қош келдіңдер!

Балалар: Сәлеметсіз бе!

Күз ханшайымы:

Уа, халайық, дархан далам армысың,

Табиғатым жаны жайсаң тал мүсін

Ханшайымы Күздің бүгін келіп тұр,

Алмақ болып бар халқымның алғысын!

Құрметті қонақтар, ата-аналар бүгін «Көркемай» ортаңғы тобының балалары дайындаған «Аяулы алтын күз!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Ән: «Күз жомарт»

Күз туралы тақпақтар:

1. Қуандырып біздерді,

Мерекелі күз келді.

Кел жемісті алтын күз,

Кемелденсін халқымыз!

С.Кәусар

2. Астық жеміс жиылды,

Қамбамызға құйылды.

Ардақты күз мың алғыс,

Алдық өнім сыйыңды.

Ақжол

3. Көбейді құт-береке

Астық толы қоймамыз.

Құтты болсын мереке

Алтын күзді тойлаймыз.

Інжу .

Ұлдардың орындауында көңілді «Жемістер мен көкөністер» биі.

Музыка жетекшісінің шешімімен жалпы би қойылады. Барлық балалар шығып көңілді би билейді. Би аяқтала бергенде бір бала әлсірей құлайды.

Ақжол: Тоқтаңдар, тоқтаңдар!

Бойымнан әл құрып

Көздерім бұлдырап

Басым айналып барады!

(Басқа балалар көмектесіп, демейді).

Р.Дінмұхаммед: Дәрігер, дәрігер! ("Жедел жәрдем" машинасының дыбысы естіліп, дәрігер келеді.

Дәрігер: Мені неге шақырдыңдар,

Қандай шағым, арыздар бар?

Р.Дінмұхаммед: дәрігерлік көмек керек!



Дәрігер: Қазір қарап шығайын,
Неден ауырғанын ұғайын... (Фонендоскоппен кеудесін тыңдайды)
- А - а - а - деп қане, аузыңды ашшы..... (Тексереді)

Тістерің орнында, тамағың іспеген

Қол - аяғың әлсізденген

Қызуың ыссы екен

Білдім, неден ауырғаныңды...!

Жеткілікті мөлшерде ағзаңа

Дәрумендер жетіспеген!

Дәрумендер табиғи болғаны дұрыс,

Көп - көп көкөніс, жемістер жеуге тырыс!..

Қазір күз мезгілі түсті ғой,

Жемістер де, көкөністер де пісті ғой!

Қоймаға қоңырау шалайық

Күз өнімдерін осында алдырайық!

- Алло, алло! Қойма ма?

Бізге жемістер мен көкөністер керек

Машинаға тиеп жіберіңіз

Мүмкін болса тезірек!

(Машинаның дыбысы естіліп, руль ұстаған жүргізуші бала жемістер мен көкөністерді «тиеп» алып келеді) Картоп, өрік, қияр, сәбіз, қарбыз, асқабақ.

Алихан, Аян, Артем, Назар, Василий, Мирас. Е.Дінмұхаммед.

Балалардың тақпақтары:

Картоп біздің атымыз

Жер астында жатырмыз

Бір тамырдан тараған,

Ағайынбыз бәріміз. Алихан

Ал мен болсам, өрікпін,

Бау-бақшаға көрікпін.

Тосап та мен, шырын мен,

Алса егер теріп кім? Аян

Көктеп ерте шырмалып,

Өсемін мен бүр жарып.

Атым қияр теріп ал

Жиі-жиі суарып. Артем

Өсіретін бойыңды

Дамытатын ойыңды.

Қоянға да азықпыз,

Сәбіздерміз жазықсыз. Назар

Дәрігер:

Көкөністер, жемістер

Денсаулыққа пайдалы

Мұны жақсы біліңдер

Оларды жақсы көріңдер.

Күз ханшайымы: Дәрігер сізге көп рахмет, төрлетіп біздің ертеңгілігімізді тамашалаңыз.

Ән: «Күз келгенде» хор.

Күз ханшайымы: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы сұрайды.

-Балалар біз жаңбырдан қорқамыз ба?

Балалар: -Жоқ, себебі біздің қолшатырымыз бар.



Қыздардың орындауында «Қолшатыр» биі.

Дәрігерді шығарып салу.

Дәрігер: Балалар сендер өте өнерлі, ақылды екенсіңдер. Сендерге көп рахмет. Сау болыңдар.

Желдің соғуы. Кірпіні және оның қысқа жинаған азығын жел ұшырып кетеді.

Кірпі аң-таң болған күйде қайда тап болғанын сұрайды.

Күз ханшайымы: -Сәлеметсің бе, кірпіжан! Біз күзгі бақта «Аяулы алтын күз» мерекесін тойлатып жатырмыз, кел төрлетіп балалардың өнерлерін тамашала, - дейді.

Кірпі: Менің көңіл-күйім жоқ, қысқа жинаған бар азығымды жел ұшырып кетті, өздерің тойлата беріңдер, мен кеттім,- дейді.

Күз ханшайымы: Жо-жоқ кірпіжан! Біз әрқашан достарымызға қамқор боламыз, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», -демекші, достарымыз қиындыққа тап болған кезде көмектесеміз. Балалар кірпі досымызға көмектесеміз ғой.

Балалар: - Иә. Балалар көмектеседі.

Балалардың үш тілде тақпақтары:

Апорт дейтін алмамын,

Тіл үйірген бал- дәмім.

Қандай жеміс болса да

Артық менің салмағым.

Р.Дінмұхаммед

Большие яблоки,

Маленькие яблоки

Знаете что?

Мне нравятся все.

Әдемі

Apples big

Apples small

Gues what?

I like them all.

Ф.Полина

Мен алқызыл шиемін,

Күн сәулесін сүйемін

Тақпақ та бар мен жайлы,

Мәртебеге иемін.

АйшаБибі

Тамсандырған бар жұртты,

Мені ерекше бал қыпты

Туысқаны алманың,

Кім мақтамас алмұртты.

Нурбек

К сентябрю в саду поспела,

Груша по- английски реат.

Інжу

Ән: «Бұл қай кезде болады?» хор.

Кірпі: Күздің берекелі де молшылық айында бір ойын ойнап жіберейік. Ол ойын «Кім жылдам» деп аталады.

Ойын шарты: ұлдар бір себетке көкөністерді, қыздар екінші себетке жемістерді жинау керек.

Ұлдар: Назар, Ақжол, Бексұлтан, Төрехан.

Қыздар: Сезім, А.Кәусар, Н.Полина, Ф.Полина.

Қыздардың орындауында «Жау-жау жаңбыр!» әні.

Кірпі: Керемет! Балалар өте өнерлі екенсіңдер, жарайсыңдар! Мен енді орманға қайтайын, сау болыңдар!

Ұлдар мен қыздардың орындауында «Күзгі вальс»

Күз ханшайымы: Құрметті қонақтар, ата-аналар күз берекелі де мерекелі, астықты болсын демекпіз!



Берекелі бақ дәулет,
Арта түссін тойланып
Сау болыңдар қонақтар,
Келгенше жыл айналып.
Осымен ертенгілігіміз аяқталған жоқ, мерекеміздің жалғасы топта болады.

«Жеміс - жидектер»

Жұмағали Алиса Әбілханқызы, тәрбиеші

«Қапшағай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің

«Ақдидар» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Білім беру саласы: Қатынас

Мақсаты: сөздік қорларын молайту; қазақ тіліне тән дыбыстарды айыра білуге жаттықтыру. Сөздерді сөз тіркесімен айту дағдысын қалыптастыру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Қолданылатын көрнекілік құралдар: бау-бақшаның суреті, муляждар, үлестірмелі суреттер.

Қажетті құрал-жабдықтар: компьютер, қарындаш.

Сөздік жұмысы: алма, алмұрт, өрік, шие, жүзім, жеміс.

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық-қозғаушылық

Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Табақтағы жемістер мен көкөністерді атап, екі ыдысқа бөлуді ұсыну.

Неге екі ыдысқа салынғанын анықтатады.

«Көкөніс» тақпаған қайталату.

Жауаптарын жалпылап, жаңа сөздермен таныстыру.

-Сәлемдеседі.

Дөңгелене тұрып, муляждарды алып, қазақша атауларын естеріне түсіреді. Оларды екіге бөлудің себебін түсіндіруге тырысады.

Ұйымдастырушылық-ізденушілік

-Қияр не? Сәбіз не?

Тақтада бау-бақша суретінде алманың қайда өсіп тұрғанына көңілдерін аударады.

-Алма – жеміс. Же-міс.

Дәптердегі ыдыстағы жеміс-жидектермен таныстырады.

-Мынау - алмұрт. Ал-мұрт. Ұ-ұ-ұ-ұл-ұр-ұқ. ЖҰ-бы-мұ-мұрт – алмұрт. Алмұрт – жеміс. Алмұрт сары. Алмұрт дәмді.

- Мынау – шие. Шие – жеміс.Шие дәмді. Шие қызыл.

Алмұрт үлкен, шие кішкентай.

-Мынау – өрік. Ө-рік.

Тілдік жаттығу.

Өрік өсті, өрік пісті. Өрік өте дәмді.

Өрік – жеміс. Өрік сары.

Мынау – жүзім. Жү-зім.

Ү-ү-ү (ерін гүлге ұқсайды).

Жүзім – жеміс. Жүзім дәмді.

«Кім тез көрсетеді?» дидактикалық ойыны. Ойын жаңа сөздерді бекітуге арналған.

Sergitu satı.



Көп отырып, шаршадық,
Қозғалуды аңсадық.
Жүгіргіміз келеді
Әдемілеп ән салып,
Топ-топ басайық,
Жаттығулар жасайық.
Қайырымды жан болып,
Жамандықтан қашайық.

«Айтқанды істе» дидактикалық ойыны. Шарты: балалар педагогтің нұсқауларын орындайды.

- Қызыл алма ал.
- Сашаға алмұрт бер. т.с.с

Дәптермен жұмыс.

- Қияр – көкөніс.
- Сәбіз – көкөніс

Сурет бойынша сұрақтарға жауап береді.

Жеміс сөзін айтып жаттығады.

Дыбыстық жаттығуды қайталайды. Алдарындағы суретті көрсете отырып, сөздерді сөз тіркестерімен айтып үйренеді.

Үлестірмелі суреттерден тауып, дұрыс айтып жаттығады.

Айнаға қарап үйренеді. Аталған жемісті көрсетіп, атайды.

Оқытушы атаған жеміс суретін көрсетеді, атайды.

Өлеңді айтып тұрып, оның мазмұнына сай қимылдар жасайды.

Табақтағы муляжды алады, нұсқауды орындайды.

Дәптердегі тапсырманы орындай отырып, сөздерді, түстерді естеріне түсіреді.

Рефлексиялық-Түзетушілік

Бекітуге арналған сұрақтар:

1. Қандай сөз үйрендің?
2. Шие қандай?

Естеріне сақтаған жаңа сөздерді айтады. 1-2 сөзден тұратын сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастырып айтады..

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: жеміс, алмұрт, алма, шие, жүзім, өрік сөздерін

Түсінеді: сөздерді сөз тіркесімен айту дағдысын.

Қолданады: сөздерді саналы түрде естеріне сақтауды.



Оксидтер. №6 зертханалық тәжірибе «Оксидтердің қасиеттерін зерттеу»

Карабекова Жанар Салменовна

«Балқаш қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің

«Балқаш қаласы жалпы білім беретін типтік мектеп-интернаты» КММ

Пәні Химия	Сыныбы: 8												
Күні/Дата:	Мұғалімнің аты-жөні: Карабекова Жанар Салменовна												
ОӘК тақырыбы/Тема УМК	Білім берудің жаңа философиясының тұжырымдамалық ойлары аясында химияны оқыту процесін жобалаудың қазіргі әдістері												
Бөлім тақырыбы/Тема раздела(Сквозная тема)	8.4А Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары. Генетикалық байланыс												
Сабақ тақырыбы/Тема подраздела	Оксидтер.№6зертханалық тәжірибе «Оксидтердің қасиеттерін зерттеу»												
Оқу мақсаты / Цели обучения (ЦО) ұзақ мерзім жоспардан из долгосрочного плана	8.3.4.7 -оксидтердің жіктелуін және қасиеттерін білу, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру												
Сабақмақсаты / Цели урока	Оқушылардың барлығы орындай алады: оксидтердің құрамы мен физикалық және химиялық қасиеттерін білсе Оқушылардың көпшілігі орындай алады: химиялық қасиеттерін зерттей алады, түсініп алып, олардың маңызына байланысты мәліметтерді тауып, хабарлайды Оқушылардың кейбірі орындай алады: есеп шығара алады, тақырып мазмұнына байланысты мәліметтерді талдайды, сипаттайды, өмірмен байланыстырып, дәлел келтіреді												
Бағалау критерийлері / Критерии оценивания	Оксидтердің құрамы мен физикалық және химиялық қасиеттерін білді. Химиялық қасиеттерін түсініп алады, олардың маңызына байланысты мәліметтерді тауып, хабарлайды Тақырып мазмұнына байланысты мәліметтерді талдады, сипаттайды, өмірмен байланыстырды, дәлел келтіреді,есеп шығарды												
Тілдік мақсаттар / Языковые цели	Дағдыларды дамыту / Развитие навыков: негіз, сілті, қышқыл, негізгі оксидтер, қышқыл оксидтері, қышқыл тұздары, негізгі тұздар, орта тұздар Үштілділік / Трехязычие: <table><tr><td>Қазақша</td><td>орысша</td><td>ағылшынша</td></tr><tr><td>қышқылдар-</td><td>Кислота</td><td>acids</td></tr><tr><td>негіздер-</td><td>Основание/щелочи/</td><td>grounds</td></tr><tr><td>оксидтер</td><td>оксиды</td><td>oxides</td></tr></table> Негізгі терминдер мен сөз тіркестері / Основные термины и словосочетания: Қышқыл,сілті,индикатор, лакмус, фенолфталейн, метилоранж Сабақтағы сұхбат, жазылым үшін қолданылатын сөздер / Используемый язык для диалога/письма на уроке: Оксидтер	Қазақша	орысша	ағылшынша	қышқылдар-	Кислота	acids	негіздер-	Основание/щелочи/	grounds	оксидтер	оксиды	oxides
Қазақша	орысша	ағылшынша											
қышқылдар-	Кислота	acids											
негіздер-	Основание/щелочи/	grounds											
оксидтер	оксиды	oxides											



	болып бөлінеді. Негізгі оксидтер өзара әрекеттеседі ... Қышқыл оксидтері өзара әрекеттеседі ... Талқылау сұрақтары / Вопросы для обсуждения: Қышқыл және сілті ерітінділерімен жұмыс жасағанда қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?																						
Құндылықтарды қалыптастыру/ Формирование ценностей	Жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясының, «Рухани жаңғыру» құндылықтары / Ценности общенациональной идеи «Мәңгілік Ел» и «Рухани жаңғыру» Ынтымақтастықта жұмыс жасау, ой пікірлерімен бөлісу, өз ісіне жауапкершілікпен қарау дағдыларын дамыту, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру;																						
Ресурстар/ Ресурсы	Химия Алматы «»Атамұра баспасы 2018 "Bilimland" интерактивті мектеп; https://www.youtube.com/watch?v=sutUv0vJmdk https://www.youtube.com/watch?v=XqMRFNL7AVs																						
Сабақ кезендері/ Этапы урока	Мұғалімнің іс-әрекеті / Деятельность учителя (мақсатқа қалай қол жеткіземін?/ Каким образом я достигну целей обучения?)	Бағалау тәсілдері / Методы оценивания (расписать что и как)																					
Сабақ басы/ Начало урока минута	Мақсаты/ Цель: Мақсаты : Психологиялық ахуал қалыптастыру Сынып реттілігін қадағалау. Оқушыларды түгелдеу. Оқу құралдарын байқау. Мұғалім сабақтың тақырыбы мен міндеттерін айтады. «Жүректен – жүрекке....» әдісі арқылы бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, сыныпта жағымды ахуал туғызу.																						
Сабақтың ортасы	Жаңа білім: Жаңа білім тапсырмалары: Блум таксономиясы І.Білу(таным мен ойлау деңгейі- төмен деңгей) 1.« Жуан-жіңішке сұрақтар» әдісі Мәтінмен жұмыс жасау үшін.. Оқушыларға 149-150 беттерді 152-153бетерді оқу «»Химиялық диктант» түсініп жазғызады презентация түрінде көрсетіледі содан өздері бір-бірін тексереді N ₂ O, NO, BaO, SO ₂ , CaO, CO ₂ , ZnO. Тапсырма. Төмендегі қосылыстардың ішінен оксид формулаларын таңдаңыз: N ₂ O, SiO ₂ , C ₁₂ O ₇ , HMnO ₄ , PbO, NH ₃ , Ca (OH) ₂ , Fe ₂ O ₃ , CuO, , CO ₂ , H ₂ O, SO ₂ , CO,	Сұрақтар кестесі <table><tr><th>«жіңішке» сұрақтар</th><th>«жуан» сұрақтар</th></tr><tr><td>Кім...?</td><td>Үш түрде түсіндір, неліктен...</td></tr><tr><td>Не...?</td><td>Неге осылай екендігін түсіндір...</td></tr><tr><td>Қашан...?</td><td>Неліктен осылай ойлайсыз...?</td></tr><tr><td>Мүмкін...?</td><td>Бұлардың өзгешелігі неде ?</td></tr><tr><td>Болады...?</td><td>Егер басқаша болса ше...?</td></tr><tr><td>Қалай атады...?</td><td></td></tr><tr><td>Солай ма...?</td><td></td></tr><tr><td>Келісесіз бе...?</td><td></td></tr><tr><td>Дұрыс па...?</td><td></td></tr></table>	«жіңішке» сұрақтар	«жуан» сұрақтар	Кім...?	Үш түрде түсіндір, неліктен...	Не...?	Неге осылай екендігін түсіндір...	Қашан...?	Неліктен осылай ойлайсыз...?	Мүмкін...?	Бұлардың өзгешелігі неде ?	Болады...?	Егер басқаша болса ше...?	Қалай атады...?		Солай ма...?		Келісесіз бе...?		Дұрыс па...?		
«жіңішке» сұрақтар	«жуан» сұрақтар																						
Кім...?	Үш түрде түсіндір, неліктен...																						
Не...?	Неге осылай екендігін түсіндір...																						
Қашан...?	Неліктен осылай ойлайсыз...?																						
Мүмкін...?	Бұлардың өзгешелігі неде ?																						
Болады...?	Егер басқаша болса ше...?																						
Қалай атады...?																							
Солай ма...?																							
Келісесіз бе...?																							
Дұрыс па...?																							



